

"I-а санатты "Астана-Петропавл" жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолының "Астана-Щучье" 18+772 км - 230+250 км учаскесін ақылы негізде пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 429 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 1039 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 655 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 655 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «I-а санатты «Астана-Петропавл» жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолының «Астана-Щучье» 18+772 км – 230+250 км учаскесін ақылы негізде пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 429 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) I-а санатты «Астана-Петропавл» жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолының «Астана-Щучье» 18+772 км – 230+250 км учаскесі (бұдан әрі – ақылы жол (учаске) ақылы негізде пайдаланылады;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) баламалы жол: «РФ шекарасы (Екатеринбургке) – Алматы» республикалық маңызы бар автомобиль жолының «Астана – Атбасар» учаскесі, « Көкшетау – Атбасар» республикалық маңызы бар автомобиль жолының « Атбасар – Зеренді» учаскесі», «Щучье – Зеренді» республикалық маңызы бар автомобиль жолы арқылы жүріп өту жүзеге асырылуы мүмкін;»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ақылы жолдың бастапқы пункті – 18+772 км, ақылы жолдың соңғы пункті – 2 3 0 + 2 5 0 к м ; » ;

3) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі:»;
4) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«4) ақылы жолдың (учаскенің) техникалық сыныптамасы – I-а санаты, ақылы жолдың (учаскенің) негізгі параметрлері:»;
5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«5) ақылы жолдың (учаскенің) ұзындығы – 211 км 478 метр;
6) ақылы автомобиль жолы арқылы жүріп өту үшін төлем ставкалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес айқындалады;»;
8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«8) ақылы жолды (учаскені) ақылы негізде пайдалану мерзімі – 20 жыл деп белгіленсін.»;

көрсетілген қаулыға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жүріп өту үшін төлем ставкаларының 1-тармағы кестесінің 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 9-бағанын, ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жүріп өту үшін төлем ставкаларының 2013 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 1 қазандағы
№ 1039 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 30 сәуірдегі
№ 429 қаулысына
қосымша

Ақылы автомобиль жолы (учаскесі) бойынша жүріп өту үшін төлем ставкалары

1. I-а санатты «Астана-Петропавл» жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолының «Астана – Щучье» 18+772 км – 230+250 км учаскесі:

теңге

| Аймақтар | Аудандар | 2 білікті жеңіл автокөліктер | | 16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 1 тн жоғары 2,5 тн дейін 2 білікті жүк автомобильдері | 32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін 2 білікті жүк автомобильдері | 32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін 2 білікті автопоездар | Жүк көтергіштігі тн жоғары 2 тн дейінгі білікті автомобильдері |
|----------|--|------------------------------|---------|--|--|--|--|
| | | Жергілікті көлік | транзит | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | Шортанды (66 км) | 30 | 60 | 310 | 650 | 950 | 1300 |
| 2. | Ақкөл (51 км) | 30 | 50 | 250 | 500 | 750 | 1000 |
| 3. | Бұланды (22 км) | 10 | 20 | 100 | 220 | 320 | 440 |
| 4. | Еңбекшілдер (46 км) | 20 | 50 | 210 | 460 | 680 | 920 |
| 5. | Бурабай (26,5 км) | 10 | 20 | 130 | 270 | 400 | 540 |
| | Бір бағыттағы барлық маршрут бойынша жиыны | 100 | 200 | 1000 | 2100 | 3100 | 4200 |
| | Тіркелмеген автокөлік құралдары | | 250 | 1200 | 2500 | 3700 | 5000 |

Е с к е р т п е * .

1) тіркелмеген автокөлік құралдары – мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері жоқ және/немесе ол туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы ІІМ тіркелген көліктің бірыңғай ақпараттық жүйесінде жоқ автокөлік құралдары;

2) жергілікті көлік – бір аудан шегінен тыс қозғалу кезінде жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар ақылы автомобиль жолына (учаскесіне) іргелес әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыстың ауданы) белгіленген тәртіппен тіркелген автокөлік;

3) транзиттік көлік – жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар ақылы автомобиль жолына (учаскесіне) іргелес әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыстың ауданы) белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік.

2. Екі білікті жергілікті жеңіл көліктер үшін екі бағыттағы барлық маршрут бойынша күнтізбелік 365 күнге 1000 теңге көлемінде жүргені үшін абоненттік төлем төленуі мүмкін.

3. Ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жүріп өту үшін төлем ставкаларының 1-тармағы кестесінің 9-бағаны қолданысқа енгізілгенге дейін жүк көтергіштігі 15 тн. жоғары көп білікті жүк автомобильдері, оның ішінде тіркемелі, ершікті тартқыштар ақы төлеуді ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жүріп өту үшін төлем ставкаларының 1-тармағы кестесінің 8-бағанында белгіленген төлем ставкалары бойынша жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК